Кеңес беру пункті мамандарына №8 "Тұлпар" б/б жақын орналасқан Есет-батыр,Шиловский, А.Молдағұлова үйлерінде тұратын отбасылар қамтылды. Психолог маман балаларды мектепке қалай дайындау керектігі жөнінде ата-аналармен «Адам, әлеумет және тәрбие», «Гиперактивті бала және оны қалай анықтауға болады?», «Ол неге агрессивті?», «Эмоциялық қарым-қатынаста ата-аналардың білу керек ережелері», «Жазалау, жазалауды немен ауыстыруға болады?», «Балаларды мектепке қалай дайындаймыз?», «Мектепке дейінгі балалардың қауіпсіздік ережелері» атты тақырыптарында кеңестер беріліп, экспресс-сауалнамалар, тренингтер, тесттер жүргізіледі. Балабақша психологі аудандық, облыстық эксперименттік жұмыстарына психологиялық сүйемелдеу жүргізеді. Психологтің Халықаралық, облыстық, қалалық деңгейінде жетістіктері мен тәжірибе тарату жұмыстары бар. Қазақстан республикасының Білім және ғылым министрінің Алғысымен марапатталды.

Балабақшада «Ғажайып әлемі» сенсорлық бөлмесі бар. Психологиялық әдебиеттер, жинақтағыш папкалар, дамытушы және түзету, дидактикалық материалдарымен қамтылған. Ұйымдастырылған ойын-әрекетіне мақсатталған «Құммен сурет» үстел үстіне құммен сурет салу техникасын қолданған. Психолог тәрбиешілермен, балалармен, ата-аналармен тығыз байланыста жасайды. Балалардың мектепке психологиялық дайындығына диагностика жүргізіледі. Балалардың мектепке дайындық жұмыстары жеке және топтық ұйымдастырылғаноқу қызметінде, тақырыптық тренингтер арқылы жүргізілді.

- Жас шамаларына қарай баланың жеке мінез – құлқын, психологиялық ерекшеліктерін анықтау мақсатында мектеп жасына дейінгі балалар үшін бейімделген темперамент түрін анықтау экспресс тестісі жалпы мектепке дейінгі білім орталығы бойынша жүргізілген. Нәтижесінде, өмірге құштар, қуатты, басшылық етуге, жетекшілікке құмар, өз эмоциясын ішінде ұстап қала алмайтын, қандай жағдайда да, әсерін сыртқы ортамен бөлісе беретін жұрттың назарын өздеріне аудара алатын белсенділігі басым екені анықталған.




Кіші, ортаңғы, ересек, топтарында жылына екі рет балабақша тәрбиеленушілерінің психологиялық процесстерін «Қабылдау», «Еске сақтау», «Ойлау», «Сөйлеу», «Қиял», «Зейін» психологиялық диагностика қорытындысы бойынша жыл басына қарағанда жылдың аяғында көрсеткіштің өсу динамикасы анықталған.




Жалпы мектепке дейінгі білім орталығы бойынша төмендегідей орташа көрсеткіші анықталды: жоғары – 34%, орташадан жоғары -34,4% , орташа -26%, төменнен орташа –1,8 %, төмен- 0. Заманауи бағыттағы консультациялық пункті мамандары өз қызметтерінде жаңа әдістерді, педагогикалық тәжірибені шыңдай отырып, жаңашылдықпен авторлық жобаларды құрастыруда.

## "ТҰЛПАРДЫҢ" АЛТЫН ТАРИХЫНЫҢ ҚАТАРЫНА ЖАТҚЫЗУҒА БОЛАТЫН ЖЕТІСТІКТЕРІ БҰЛ - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ, ӨҢІРЛІК, ОБЛЫСТЫҚ, ҚАЛАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРАЛАРДАҒЫ БІЗДІҢ ЖЕҢІСІМІЗ















## «БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕГІ PR- ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ: ИННОВАЦИЯЛЫҚ АСПЕКТ» ОБЛЫСТЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ХАЛЫКАРАЛЫҚ, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ, ОБЛЫСТЫҚ, ҚАЛАЛЫҚ БАЙКАУЛАРҒА КАТЫСЫП БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТАНЫМАЛ БАЛАБАҚШАЛАР КАТАРЫНАН ОРЫН АЛДЫ











## “ТҰЛПАР” ББ АЛТЫН ТАРИХЫНЫҢ ҚАТАРЫНА ЖАТҚЫЗУҒА БОЛАТЫН ЖЕТІСТІКТЕРІ БҰЛ - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ, ӨҢІРЛІК, ОБЛЫСТЫҚ, ҚАЛАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРАЛАРДАҒЫ БІЗДІҢ ЖЕҢІСІМІЗ



# III БӨЛІМ

- КОНЦЕПЦИЯ, БАҒДАРЛАМА МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ, МЕКТЕПКЕ
- ДЕЙІНГІ БІЛІМ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
- ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

МКҚК № 8 "Тұлпар" бөбекжай-балабақшасының дамытудың 2019-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасы мектепке дейінгі ұйымдарды дамыту саласындағы мемлекеттік саясатының жалпы стратегиясын, мақсаты мен міндеттерін, білім беру процесінің мазмұны мен технологияларын, оларды іске асыруды дамыту мен шарттарының негізгі бағыттарын анықтайтын құжат болып табылады.

Тұжырымдама Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарымен, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейін стратегиялық даму жоспарымен, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасымен айқындалған білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі принциптерін дамытады. Бұл тұжырымдама қолданыстағы білім туралы нормативтік-құқықтық құжаттармен қатар әрбір тәрбиеленушінің сапалы білім алудағы конституциялық құқығын іске асыруына жағдай жасау бойынша шаралар кешенін әзірлеу үшін негіз болып табылады. Тұжырымдама мектепке дейінгі білім орталығын дамытуды айқындайды және № 8 "Тұлпар" бөбекжай-балабақшасының даму бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қалыптастырады.

№ 8 "Тұлпар" бөбекжай-балабақшасының ***жағдайы мен өзекті мәселелері:*** бөбекжай-балабақшасында барлық деңгейде сапалы білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз ететін жағдайлар жасалуда. Заман талабына сай білім мазмұнын жетілдіру, басқару, ресурстық аспектілерді жаңғырту негізінде білім орталығын дамыту өзекті болып табылды.

***Даму жоспарының мақсаты мен міндеті:*** Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңына, нормативтік құжаттарға, №8 "Тұлпар" мектепке дейінгі ұйымның Жарғысына сүйене отырып, тәрбиеленушілердің физиологиялық және психологиялық денсаулығын сақтай отырып, олардың дамуына жағдай жасау, мектеп жасына дейінгі баланың келесі қадамға өтуі үшін, баланың мектепке дейінгі орталықта өзінің жайлы сезінуін қамтамасыз ету. Бөбекжай-балабақшасында жалпы 7 топ бар. Балабақшаның жобалық сыйымдылығы-175 орынға есептелген. Жалпы аумағы: 2336 ш.м. Оның ішінде тәрбиеленушілге оқу процесінде пайлананатын аумағы (ойын, жатын, қабылдау.) – 1072,8 ш.м. Бүгінгі таңда тәрбиеленушілер саны – 180 балаға дейін артып келеді. Бұл мектепке дейінгі ұйымның бәсекеге қабілетті балабақша қатарынан көрінуін және ата-аналар сұранысының қажеттілігін көрсетіп отыр.

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫҢ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІ:

| Оқу жылдары | Барлық педагог тер | Мектепке дейінгі жоғары білім | Жоғары пед.білім | Мектепке дейінгі арнаулы орта білім | Арнаулы орта білім | Педаго гикалық білімі жоқ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2019-2020** | 18 | 3 -17% | 3– 17 % | 11– 62 % | 1 – 6 % | - |
| **2020-2021** | 18 | 3 -17% | 3 – 17 % | 11– 62 % | - | - |
| **2021-2022** | 21 | 5- 24 % | 3 – 17 % | 13 – 62 % | - | - |
| **2022-2024** | 21 | 5 – 24 % | 3 – 17% | 13 – 62 % | - | - |

Педагог мамандардың, тәрбиешілердің базалық біліммен қамтамасыз етілуі, басқа мамандық иелерінің пәндерді жүргізбеуіне, яғни кәсіби мамандардың бар болуына септігін тигізді. Білім орталығында 2019-2024 оқу жылдарында базалық білімі бар педогогтер саны 100% қамтылады.

## БІЛІКТІЛІК САНАТЫ БОЙЫНША ПЕДАГОГТЕР ҚҰРАМЫ:

| Оқу жылдары | Педагогтер саны | Жоғары | Бірінші | Екінші | Санаты жоқ |
|---|---|---|---|---|---|
| **2019-2020** | 18 | 4 -23% | 2 -12% | 4-23% | 8 -45 % |
| **2020-2021** | 18 | 4 -28 % | 2 -12% | 7 -39 % | 5 -28 % |
| **2021-2022** | 21 | 6 -34% | 4 - 23% | 5 -28 % | 3 - 17 % |
| **2022-2024** | 21 | 6 -34 % | 4 -23 % | 8 -45 % | - |

Педагогтерді даярлау, кайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтердің құзіреттілігін жоғарлатты.

| Оқу жылдары | Педагогтер саны | Базалық | Қосымша |
|---|---|---|---|
| **2019-2020** | 12 | 11-91% | 1- 9 % |
| **2020-2021** | 15 | 12 -86 % | 2 - 14% |
| **2021-2022** | 19 | 14-87% | 2-13% |
| **2022-2024** | 21 | 18 – 83 % | 3- 17 % |

## ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

МКҚК № 8 "Тұлпар" бөбекжай-балабақшасының оқу-әдістемелік қызметін ұйымдастыруда ҚР «Білім туралы» Заңы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттары, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты; мектепке дейінгі білім беруді дамытудың тұжырымдамасы, ББ -ның Жарғысы, оқу жұмыс жоспары, оқу бағдарламалары, жылдық жоспарлар және даму бағдарламасы, ішкі еңбек тәртібі, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыстық білім басқармасы, қалалық білім бөлімі нұсқаулықтары, бұйрықтары, үкімдері және т.б. құжаттары арқылы жүзеге асырылады. Оқу-тәрбие үрдісі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 тамыздағы №292 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру және ҚР Білім және ғылым министрлігі №391 22.06.16 ж. бұйрығының №1 қосымшасы 1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» бұйрығы және вариативтік компонент бойынша алынған ұйымдастырылған оқу қызметтері қалалық сараптау комиссиясының отырысында мақұлданып, ММ "Хромтау аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" бұйрығымен бекітілген бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады.

## ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Мектепке дейінгі білім орталығы педагогтерінің 57 % оқу-тәрбие үрдісін иновациялық бағытта ұйымдастырып, ең бастысы тәрбиеленушілердің жеке бастарының ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, ойындарды, тапсырмаларды жеңіл және күрделі түрінде өткізеді. Тәрбиеленушілермен жұмыс барысында жаңа педагогикалық технологияларды: Дьенеш блоктарымен ойындар, Кюизенер таяқшалары бар ойындар, Никитин Текшелері, Есептегіш таяқшалар, ойындар puzzle, математикалық мазмұнмен сюжеттік-рөлдік ойындар (ценниктер, "Дүкен" ойынының монетасы, құрылысшыларға арналған өлшеуіштер, триз, мнемокесте, жобалау, ақпараттық коммуникативтік технологиясын (интерактивті тақта, проектор, теледидар) қолданады. Балалардың тілін жетілдіру мақсатында тірек суреттерді және таным қабілеттерін дамыту мақсатында логикалық ойындарды кеңінен пайдаланады. Ақпараттық-коммуникативтік технологияны ұтымды пайдалану, логикалық мультимедиялық ойындарды өткізу, интерактивті тақта арқылы көрсетілген көзге арналған жаттығулар, түрлі әдістерді қолдану балалардың белсенділігін арттырып, оқу қызметіне қызықтырады. Оқу-тәрбие үрдісін инновациялық бағытта интеграциялау технологиясын қолдану арқылы жетілдіру балабақшада барлық топтарда мультимедиялық құралдар одан әрі толықтыра түсті.

**«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жаңарту жағдайында оқу-тәрбие үрдісін құру бағыттары» республикалық, өңірлік, облыстық, қалалық семинарда озық іс-тәжірибелерімен бөлісу**













# Балабақшаның 2017-2019 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ

- 2014 жыл қазан айы –Ақтөбе облыстық оқу-әдістемелік орталығы Математикалық марафон (жоба қорғау ортаңғы топ ) диплом II орын
- 2014.«Математикалық жобалар» облыстық математикалық марафон Сарсембаева С.Г. **Тақырыбы:** "Мульти-Пульти городок"
- Ақтөбе оқу- әдістемелік орталығы математикалық марафон жобасының байқауы. (қараша 2014ж)
- 2014 жыл желтоқсан –Халықаралық Экология және Инженерия Ғылым Академиясы Диплом «Ең үздік балабақша-2014» диплом II орын
- 2014ж. «Шарықтасын Шәмшінің асыл әні» ән байқауы «Ынталандыру сыйлығы»
- 2015. «Жаңа білім беру бағдарламалары, инновациялық және құзіреттілік тәсілдемесі-табысты мектепке қадам» аудандық үздік стенд I орын Білім беру қызметкерлері кәсіподақ ұйымы, АББ
- 2015 жыл қазан –Хромтау аудандық «Жастармен жұмыс жөніндегі Ресурстық орталығы»КММ I қалалық «Үздік спикер» номинациясы Жантөрина М.Д.
- Аудандық Жастар Ресурстық орталығының кубогіне ұйымдастырылған I қалалық ашық пікір сайысы жүлделі I орын Жантөрина М.Д.
- 2015ж.«Ұлттық құндылықтарымыз-біздің мақтанышымыз» байқау грамотасы Жаксыгулова Г.С.

- 2014ж. «Ұлттық валюта-теңге» күні «Ең үздік ашық тәрбие сағаты» номинациясы ДИПЛОМ Хромтау аудандық «Жастармен жұмыс жөніндегі Ресурстық орталығы»КММ Жаксыгулова Г.С.

## ЖАС МАМАНДАРМЕН ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖАҒДАЙЫ

- **Мақсаты:** жас тәрбиешілердің кешенді-тақырыптық жоспарлау және баланың жан-жақты дамуына арналған заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны қалыптастыру мәселесінде педагогикалық құзыреттіліктерін қалыптастыру.
Тәрбиеленушілердің танымдық, психологиялық, тұлғалық қабілеттері мен ерекшеліктерін дамыту мақсатында денсаулық сақтау технологиялары 2014 оқу жылынан бастап жобалау технологиясы, биылғы оқу жылынан бастап ТРИЗ және М.Монтессори технологиялары қолданылып келеді. Сонымен бірге, балалармен күнделікті жұмыс істеу барысында балабақша педагогтері дәстүрден тыс сурет салу, құм терапиясы, ертегі терапиясы, музыка терапиясы, ойын, сахналау, драматизациялау, слайд-шоу сияқты оқыту мен тәрбиелеудің белсенді формаларын қолданып келеді. ББ – да қолданылатын оқыту мен тәрбиелеудің түрлері мен әдіс-тәсілдерді таңдауда балабақша тәрбиеленушілердің жеке қабілеттері мен ерекшеліктері және мүмкіндіктері ескеріледі. Кіші жастағы балалар арасында денсаулық сақтау технологияларына мән берілсе, ересек және ортаңғы топтың балалары арасында олардың танымдық, зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатнида жобалау, эксперимент жүргізу сияқты әдістер кеңінен қолданылады.
- Әдістемелік жұмыстардың қорытындысы мектепке дейінгі ұйым аналитикалық жұмыс жүйесі, әдістемелік құжаттардың барын көрсетті. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Білім орталығының жас мамандармен қамтылуы, олардың оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру барысындағы кәсіби шеберлігінің аздығы тәлімгерлік жүйені жетілдіре түсті. Мектепке дейінгі білім орталығында 2018-2019 оқу жылында 3- педагог жас маман болса, ал 2019- 2020 оқу жылында – 3 педагог, 2020-2021 оқу жылында -3 педагог қабылданды. Жас мамандарға тәлімгерлік ету барысында әр педагогтың психологиялық тұрғыда мінез-құлықтарының жарасымдылығы ескерілді. Жас мамандармен жұмысты күшейту, педагогтің кәсіби құзыреттілігін арттырудың тиімді жолдары қарастыру және олардың тәрбиеші қызметіне деген қызығушылығын арттыру мақсатында балаларды мектепке сапалы дайындау көрсеткіші 95 % жоғарлады.

## БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУ ЖҰМЫСТАРЫ

Балабақшада балалардың өмірін және денсаулығын сақтау жұмыстарын жақсарту, дене дамуын жетілдіру, медициналық-педагогикалық бақылауды қадағалау мақсатында спорттық-сауықтыру және шығармашылық іс-шараларды жоспарлы өткізіледі. Спорттық-сауықтыру және шығармашылық іс-шаралар 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында дене шынықтыру инструкторының жетекшілігімен ойын-сауық түрлері жүргізілді. 2019-2020 оқу жылында вариативтік компонент бойынша алынған ұйымдастырылған оқу қызметтері аудандық сараптау комиссиясының отырысында бекітілген бағдарламалар: «Ғажайып әлем», «Табиғатты аялаймыз», «Волшебная бумага» негізінде жүзеге асырылса, 2019 -2022 жылдар аралығында балаларды жан-жақты дамыту, денсаулығын нығайту, қорғау мақсатында сауықтыру бағдарламалар жаңғырылып "САЛАМАТТЫ "ТҰЛПАР" кешенді-сауықтыру бағдарламасымен толықтырылды. Отбасымен бірлескен спорттық мерекелік іс-шаралар мекемеде үздіксіз балалардың денсаулығын нығайту, саламатты өмір сүру жолдарындағы серпілісін көрсетті. Балабақшада балалардың қатысымы 95 % жоғарлады.

«Саламатты ТҰЛПАР» кешенді-сауықтыру бағдарламасының негізгі бағыттары:психотерапияны, денсаулық деңгейі мен балалардың қабілеттерін ескере отырып, денсаулық сақтау технологияларын дамытатын профилактикалық балалар орталықтарының жұмысын апробациялау және тәжірибеге енгізу; балалардың аурудың төмендеуі; денсаулыққа қауіп төндіретін мінез-құлық тәуекелдерін азайту; жеке тәсілді жүзеге асыру негізінде дене шынықтыру жүйесін жетілдіру, балабақша қызметкерлері мен ата-аналардың, балалардың денсаулығын жақсартуға қызығушылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылды. «Саламатты ТҰЛПАР» бағдарламасын әзірлеу кезінде біз жасаған жүйенің балабақша өміріне енуіне және ең бастысы балаларға ұнайтындығына қол жеткізуге тырыстық. «Саламатты ТҰЛПАР» сауықтыру бағдарламасының негізгі бағыттарын іске асыру үшін мектепке дейінгі орталықта массаж бөлмесі, арнайы емдеу-профилактикалық құралдары бар медициналық бөлімі бар.

«Саламатты «ТҰЛПАР» кешенді – сауықтыру» бағдарламасын енгізу және жүзеге асыру, баланың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып білім орталығының мамандарымен құрылған консилиум комиссиясымен психологиялық-педагогикалық қызметін қолдау барысында ата-аналардың сұранысының жоғары екендігін көрсетті.

- Аудандық Жастар Ресурстық орталығының кубогіне ұйымдастырылған I калалық ашық пікір сайысы жүлделі II орын. Жаксыгулова Г.С.
- 2015ж. «Жаңа жылдық букет» тақырыбындағы сырттай Республикалық байқауы «Балабақша тәрбиеленушілеріне арналған жаңа »Сертификат Сагинова Н.А.
- 2015 жыл ақпан –Ақтөбе облыстық білім басқармасы «Ақтөбе ұстазы» газеті Тіл дамыту сабағы «Кыс кызығы»
- 2015 жыл наурыз- Актөбе облыстық оқу-әдістемелік орталығы "Бүлдіршіндерді балалар көркем әдебиет әлеміне баулу" байқауы 3 Жаксыгулова Г.С. қатысушы сертификат
- 2015 жыл сәуір Халықаралық Экология және Инженерия ҒылымАкадемиясы "Жас ұрпақ" "Бұл ғажайып ғарыш" атты орталық байқауы 2 тәрбиеленуші қатысты Баярстанова А.Грамота, Диплом
- 2015 жыл маусым - Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту орталығы «Әнші балапан-2015»
  - Би жанры Грамота II орын
  - Вокал жанры Грамота III орын
- 2015 жыл сәуір –Хромтау аудандық педагог қызметкерлер кәсіподақ төрайымынан Педагог қызметкерлер арасында кросс. Алғыс хат Ұлы жеңіске 70 жыл толуына қарсы.
- 2015ж. Хромтау аудандық білім бөлімі ММ.Құрмет грамотасы Жантөрина М.Д.
- 2015. Құрмет грамотасы Ақтөбе облысының білім басқармасы. Сарсембаева С.Г.
- 2015ж. Эссе байқауы Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы

- 2015ж.Жаңа білім бағдарламалары, инновациялар және құзіреттілік тәсілдеме- табысты мектепке қадамдар» облыстық тамыз педагогикалық кеңесі материалдары эл.диск. Жантөрина М.Д.
- 2015ж.Жаңа білім бағдарламалары, инновациялар және құзіреттілік тәсілдеме- табысты мектепке қадамдар» облыстық тамыз педагогикалық кеңесі материалдары эл.диск әдіскер Есжанова С.Т.
- 2015ж.Жаңа білім бағдарламалары, инновациялар және құзіреттілік тәсілдеме- табысты мектепке қадамдар» облыстық тамыз педагогикалық кеңесі материалдары эл.диск Неталина Ш.Қ.
- 2015ж. «Жыл-тәрбиешісі-2015» облыстық байқау **Алғыс хат** Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы Тасымова А.С.
- 2015ж «Отбасы тәрбиесінің стилі және бала тұлғасының дамуына ықпалы»шебер-класы **Алғыс хат** Жантөрина М.Д. Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы
- «Жыл тәрбиешісі-2015» аудандық білім бөлімі «Бас жүлде» 2016ж. **Алғыс хат**.
- 2016ж.«Білім берудегі инновация мен тәжірибе: уақыт үні» II республикалық педагогикалық оқудың облыстық кезеңіне қатысқаны үшін **Сертификат** Калымбетова Н.Е.
- 2016ж «Ең үздік арнайы және инклюзивті білім беру ұйымының психологі-2016» «Үздік таныстыру» **Диплом** Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы

Әдістемелік жинақ және бағдарламалар 2014-2016ж

2016ж Аудандық «Жыл тәрбиешісі-2016» Бас жүлде Диплом
2016ж.Хромтау аудан әкімі «Әнші балапан-2016» Диплом І орын
2016ж. Дөң тау-кен байыту комбинаты «В гостях у сказки-2016» ДИПЛОМ №8 «Тұлпар»МДҰ
2017ж. Дөң тау-кен байыту комбинаты «Маленькая Мисс» балалар байқауы «Вице-Мисс»
2017ж. «Жыл тәрбиешісі-2016» Бас жүлде Косжанова Э.М. ДИПЛОМ
•2017ж «Ана тіршіліктің тірегі» І орын ДИПЛОМ Косжанова Э.М
2016ж.Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы «Үдік қысқы үлеске» Сертификат №03825
•2016 жыл «Білім берудегі инновация мен тәжірибе: уақыт үні» ІІ республикалық педагогикалық оқудың облыстық кезеңіне қатысқаны үшін **Сертификат** Калымбетова Н.Е.
•2016 жыл «Ең үздік арнайы және инклюзивті білім беру ұйымының психологі-2016» «Үздік таныстыру» **Диплом** Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы Жантөрина М.Д.
•2016ж. «Ең үздік балабақша» байқауы І-орын «Спорт жұлдыздары» республикалық журнал
•Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «**Тәуелсіздікке қосқан үлесі** үшін» медальмен меңгеруші Культаева Э.К.
•Арнайы және инклюзивті білім беру ұйымдарының «Үздік психологы -2016» атты облыстық байқауына МҚКК №8 «Тұлпар» МДҰ психологі Жантөрина Мөлдір Дүйсенбіқызы қатысты
•2016ж. Құрмет грамотасы Облыстық білім басқармасы **Культаева Э.К**.
•2016ж. ДИПЛОМ І дәрежелі «Инклюзивтік білім беру: мәселесі және келешегі» әдіскер
•2016ж. ДИПЛОМ ІІ дәрежелі «Инклюзивтік білім беру: мәселесі және келешегі»
•2016ж. ДИПЛОМ «Инклюзивтік білім беру: мәселесі және келешегі» Неталина Ш.Қ.
• 2016ж. ДИПЛОМ «Инклюзивтік білім беру: мәселесі және келешегі» Нуралина Л.Н.
•2016ж. Облыстық «Жыл тәрбиеші-2016» Бас жүлде тәрбиеші
•2016жыл, қазан айы. Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы Алғыс хат (№8 «Тұлпар»МДҰ облыстық семинар өткізілді)
•2016ж. Грамота «Ең үздік кәсіподақ ұйымы» 1орын Хромтау аудандық білім беру қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы

- 2016ж. «Тәуелсіздік -тұғырым» республикалық көркемсурет байқауына белсенді қатысқаны үшін ДИПЛОМ әдіскер Есжанова С.Т. №8 «Тұлпар»МДҰ тәрбиеленушісі Бас жүлде ДИПЛОМ Қонысбаева Мадина
- 2016ж. «Тәуелсіздік -тұғырым» республикалық көркемсурет байқауына белсенді қатысқаны үшін ДИПЛОМ психолог Жантөрина М.Д. №8 «Тұлпар»МДҰ тәрбиеленушісі Бас жүлде ДИПЛОМ Біржан Марлен
- **Республикалық жетістіктер**
- 2016ж. «Тәуелсіздік -тұғырым» республикалық көркемсурет байқауына белсенді қатысқаны үшін ДИПЛОМ меңгеруші Культаева Э.К.
- 2017ж.«Ғаламшар денсаулығы менің қолымда» республикалық
- интернет-байқауында балалардың шығармашылық байқауы I дәрежелі АЛҒЫС ХАТ Есжанова С.Т.
- 2017ж.«Ғаламшар денсаулығы менің қолымда» республикалық
  - интернет-байқауында балалардың шығармашылық байқауы I дәрежелі АЛҒЫС ХАТ тәрбиеші Жанбирбаева Н.С.
- 2017ж Республикалық әскери-патриоттық «Қазақстан патриоты»журналы «Туған жерім –алтын бесігім!» атты фото сурет байқауы ДИПЛОМ Сарсембаева С.Г.
- 2017ж. республикалық интернет-байқауында балалардың шығармашылық байқауы I дәрежелі АЛҒЫС ХАТ тәрбиеші Жанбирбаева Н.С. 2017ж.Астана республикалық қосымша білім беру

2018 жыл "Рухани жаңғырудың білім беру саласындағы өзектілігі" республикалықғылыми жобалар байқауы Алғыс хат

2018 жыл ҚР Білім және Ғылым басқармасы "Өнеге білім порталы"Диплом "Үздік мерекелік іс-шара"

2019 жыл Астана.Қазақстанның Білім және Ғылым әлемі I Дәрежелі Диплом " Рухани жаңғырудың жарқын жолы-өскелең ұрпақты ұлттық құндылықта тәрбиелеу" бағдарламасы

2019 жыл Құрмет грамота Білім және ғылым министрілігі

# • IV БӨЛІМ

- БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫ, ӨТКЕН КЕЗЕҢДЕ ОРЫНДАЛҒАН
- ШАРАЛАРДЫҢ ТАЛДАУЫ

| | СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ<br>2019 -2024 жылдар |
|---|---|
| Жүзеге асыру мерзімдері | 2 қыркүйек 2019 жыл -30 тамыз 2024 жыл |
| 2019 -2020 оқу жылы | - 2019-2020 оқу жылындағы ұйымның даму жоспарын түзету және өңдеу;<br>- заманауи үлгідегі жеке баланың дамуына бағытталған сауықтыру - дене тәрбиесіне арналған құралдарды жеке жабдықтау;<br>- білім беру үдерісін қолдау мен қостаудың заманауи электрондық құралдарымен және конструкторының жаңа түрлерімен қамтамасыз етуді жүзеге асыру;<br>- педагогтер мен мамандардың кәсіби біліктіктерін көтеру;<br>- ата-аналар сұранысы мен балалардың қызығушылығы тарапынан қосымша ақылы білім беру қызмет түрлерін көбейту,<br>- авторлық және оқыту бағдармаларын жаңарту;<br>- материалдық техникалық базаны заманауи ұлттық нақышта жаңарту мақсатында музыка залының пердесін ауыстыру жолдарын ықпалдастыру. |
| 2020 -2021 оқу жылы | - баланың салауатты өмір салтын қалыптастыру, өзіндік денсаулығын жетілдіруге бағытталған гимнастикалық кілемшелермен қамтамасыз ету;<br>- білім беру үдерісін заманауи электрондық құралдарымен және конструкторының жаңа түрлерімен қамтамасыз етуді жетілдіру.<br>- педагогтер мен мамандардың кәсіби біліктіктерін көтеру;<br>- барлық деңгейде озық іс-тәжірибелермен бөлісу, тарату. |
| 2021 -2022 оқу жылы | -балалардың денсаулығын нығайту мақсатында сауықтыру бағдарламаларын жетілдіруде қосымша ақылы білім беру қызмет түрлерін оңтайландыру;<br>-білім беру үдерісін заманауи үлгідегі конструкторының жаңа түрлерімен қамтамасыз ету.(STEM – ойыны негізіндегі жинағы «Робот-мышь»);<br>-педагог мамандардың озық тәжірибелерін тарату, біліктілігін арттыру.<br>- білім орталығының қызметін жетілдіруде өзге ұйымдармен серіктестікті нығайту. |
| 2022 -2023 оқу жылы | - медициналық қызмет көрсетуде – профилактикалық, емдеу шаралары (сондай-ақ физикалық дамуын түзету) дамыту қызметтері – арнайы оқытудың әдістері мен түрлерін жетілдіру.<br>- мектепке дейінгі ұйымдастырылмаған балаларды оқыту және тәрбиелеуде консультативтік-түзету көмегін жетілдіру,<br>- жас мамандармен оқыту мен тәрбиелеуде тәлімгерлік жүйені күшейту; |
| 2023 -2024 оқу жылы | - «Саламатты «Тұлпар» кешенді – сауықтыру» бағдарламасын енгізу және жүзеге асыру, баланың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып білім орталығының мамандарымен құрылған консилиум комиссиясымен психологиялық-педагогикалық қызметін қолдау;<br>- балаларды үш тілде оқытудың тиімді әдістерін дамыту және педагогтердің латын тілін меңгере білу құзіреттілігін көтеру.<br>- интерактивті еденмен қамтамасыз ету жолдарын қарастыру. педагог еңбегін көтермелеу. |

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫНА ТАЛДАУ 2019 -2024 ОҚУ ЖЫЛДАРЫ

Қазіргі таңдағы әлеуметтік ортаның білім беруді дамытуға қоятын талаптарының мақсаты- өскелең ұрпақты әлемдік ортада адамзаттың өмір жолындағы қиындықтарды шешуге қабілетті етіп тәрбиелеуінен айқындалады. Бұл жұмыс толық және сапалы түрде екі бағдарламаның өзара сабақтастығы негізінде жүзеге асырылады: білім беру бағдарламасы, балаларға жан-жақты, толық білім беруді қарастырады және даму бағдарламасы, мектепке дейінгі ұйымды басқару, білім беру үшін қажетті материалды-техникалық жабдықталуы.

Жаңа мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартты коммуникативтік дағдыларды, ақпараттар мен технологияларды басқара білуді, проблемаларды шешуді, іскерлік пен креативтілікті қалыптастыратын білімді алудағы тұлғаның дамуын, дербестігін қамтамасыз ететін нәтижеге бағытталды.

- Біз осы мақсатта мектепке дейінгі ұйымдар түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және олардың заманауи қоғамдағы өмірге дайындығын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасауға, оқу үдерісіне білім беру үдерісін қолдау мен қостаудың заманауи электрондық құралдарын әзірлеу мен енгізуге, олардың дәстүрлі құралдарымен ықпалдастыруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жолдарын жоспарлауды мақсат еттік.
- Білім беру ұйымының материалдық-техникалық жағдайына талдау жасау нәтижесі динамикасының өзгеруін көрсетті. Қаржыландыру көзі қамқоршылар кеңесі тарпынан орын алып, оқу үдерісіне білім беру үдерісін қолдау мен қостаудың заманауи электрондық құралдарымен (LEGO, WeDO, ROBOLAB. LEGO DUPLO, LEGO DACTA) конструкторының жаңа түрлерімен қамтамасыз етілді. Материалдық техникалық базаны заманауи ұлттық нақышта безендіру мақсатында музыка залының пердесі ауыстырылды. Ата-аналардың сұранысы мен балалардың қызығушылығынан қосымша ақылы қызмет көрсету түрлері көбейтілді.

# ОРЫНДАЛҒАН ШАРАЛАР НӘТИЖЕСІ
# 2019 -2024 ЖЫЛДАР

| Жүзеге асыру мерзімдері | Жоспарланған жұмыс түрлері | Жауаптылар |
|---|---|---|
| | *Заманауи инновациялық технологияларды қодану* | |
| 2019 жыл | -білім беру үдерісін заманауи үлгідегі конструкторының жаңа түрлерімен қамтамасыз ету. | Меңгеруші<br>Әдіскер<br>Шаруашылық меңгерушісі |
| | *Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру* | |
| 2019 жыл | Барлық деңгейде педагог мамандардың озық тәжірибелері 100 % таратылды. Біліктілігін арттыру курсынан өткен педагогтер саны 100 % жетті. | Меңгеруші<br>әдіскер |
| | *Өзге мекемелермен серіктестікті нығайту* | |
| 2019 жыл | Білім орталығының қызметін жетілдіруде өзге ұйымдармен серіктестікті нығайту мақсатында Республикалық деңгейде «Первые шаги от конструирования до образовательной робототехники» семинар-практикум өткізіліп, білім беру және спорттық Федерациясының Президентімен және Петропавл қаласы «Алтын Бесік» балабақшасы, «Radio Mart.kz» компаниясының өкілдерімен кездесу өткізіліп, педагогтардың озық іс-тәжірибелері таратылды. | Меңгеруші<br>Әдіскер |
| | *Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту* | |
| 2020 жыл | Білім орталығында аурушаңдықты болдырмау мақсатында медициналық қызмет көрсетуде – профилактикалық, емдеу шаралары (физикалық дамуын түзету) дамыту қызметтері – арнайы оқытудың әдістері мен түрлерін жетілдіру «Саламатты «» бағдарламсы жан-жақты қарастырылып кешенді-сауықтыру бағдарламасымен жұмыс жасайды. | Меңгеруші<br>Дәрігер |

# ОРЫНДАЛҒАН ШАРАЛАР ТАЛДАУЫ
# 2017 -2022 ЖЫЛДАР

| Жүзеге асыру мерзімдері | Жоспарланған жұмыс түрлері | Жауаптылар |
|---|---|---|
| | *Тәлімгерлік жүйені жетілдіру* | |
| 2021 жыл | Жас мамандармен оқыту мен тәрбиелеуде тәлімгерлік жүйені күшейту педагогтердің кәсіби шеберлігі 94 % арттырады. | Меңгеруші<br>Әдіскер<br>Шаруашылық меңгерушісі |
| | *Денсаулықты сақтау және нығайту* | |
| 2022 жыл | «Саламатты «Нұрсәт» кешенді – сауықтыру» бағдарламасы нәтижесінде білім орталығының мамандарымен құрылған консилиум комиссиясымен баланың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескеріліп, психологиялық-педагогикалық көмек беріледі. | Меңгеруші<br>Дәрігер |
| | ***Білім орталығында көптілділік ортаны туындау*** | |
| 2022 жыл | Балаларды үш тілде оқытудың тиімді әдістерін дамыту мақсатында педагогтердің 50 % ағылшын тілін меңгереді. Педагогтер латын тілін үйрену курсынан өтеді. | Меңгеруші<br>Әдіскер<br>Педаготар |
| | *Педагог мәртебесін қолдау* | |
| 2022 жыл | Тәрбиеші қызметіне деген сұранысты қолдау, сапалы білімге қол жеткізу мақсатында топтағы бала саны көрсеткішін азайтып, педагогтер мәртебесін көтеру. | Меңгеруші<br>Әдіскер<br>Педагогтер |

## [illegible] ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫНАН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

- Шынықтыру-сауықтыру шаралары мен салауатты өмір салтының ережелерін саналы түрде қалыптастырылады;
- Балалармен оқу-тәрбие үрдісі және тәрбиеленушілердің ата-аналарымен бірлескен жұмыстарында педагогтердің кәсіби шеберлігі жетілдіріледі;
- Әр баланың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, психологиялық-педагогикалық көмек беруін ықпал етеді;
- педагогтер мен мамандардың кәсіби біліктіктерін көтеру 100 % артады;
- Балаларды үш тілде оқытудың тиімді әдістерін дамыту мақсатында педагогтердың 50 % ағылшын тілін меңгереді;
- Педагогтер латын тілін үйрену курсынан 100 % біліктілікті арттыру курсынан өтеді;
- Ақпараттық қабырғалар латын тілінде безендіріледі;
- «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында барлық топтарда ғаламтор жүйесі жүргізіледі;
- Пәндік –кеңістіктік орта «Мәңгілік ел» идеясын насихаттау мақсатында ұлттық нақышта жаңғыртылады;
- Барлық деңгейде педагог мамандардың озық тәжірибелері 100 % тарады. Біліктілігін арттыру курсынан өткен педагогтер саны 100 % жетеді.
- Балабақша түлегі коммуникативтік дағдыларды, ақпараттар мен технологияларды басқара білуді, проблемаларды шеше білетін креативті, сыни ойлай білетін тұлға болып қалыптасты;
- «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында білім беру үдерісін қолдау мен қостаудың заманауи электрондық құралдарымен (LEGO, WeDO, ROBOLAB. (LEGO DUPLO, LEGO DACTA) конструкторының жаңа түрлерімен қамтамасыз етілді;
- Жан-жақты, кәсіби, ерікті негізде құрылған қосымша білім берудің дамыған жүйесі қалыптастырылды;
- Балалардың дүниетанымын кеңейтіп, ой-өрісін дамытатын ойыншықтар және дидактикалық материалдармен Сәкен Болысовтың «Жеті ойыншық» авторлық жобасы бойынша дайындалған ұлттық нақыштағы: 1. Құрастырылмалы «Мағыналы оюлар»; 2. «Қасиетті киіз үй» құрастырылмалы ойыншықтар жиынтығы; 3.«Керемет домбыра» құрастырылмалы ойыншықтар жиынтығымен; 4. «Менің елім» құрастырылмалы ойыншықтар жиынтығымен қамтамасыз етілді.
- Балалар мен педагогтың қарым-қатынасын жеке бағдарлау үлгі негізінде жеке баланың негізгі мінез-құлықтары мен қабілеттерін қалыптастыру;
- ББ аудандағы білім беру орталықтар арасында мәртебелі, жетекші мекемелердің бірі, педагог ұжымы жаңашыл, кәсіби даярлығы жоғары(ББ-ның білім беру ортасы жалпы қазіргі өмір талабына сай жалпы білім беретін мекемелер критерилрына сәйкес келуі);
- мектеп жасына дейінгі балалардың білімін арттыру үшін ББ-да жаңашыл технологиялар қорын құру;
- ББ-ның білім беру қызметінің бәсекеге қабілеттілігі;
- жан-жақты, кәсіби, ерікті негізде құрылған қосымша білім берудің дамыған жүйесі;
- балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау, денсаулықтарын жақсарту;
- әлеуметтік серіктестіктің тұрақтылығы;
- заттық- дамыту ортаны жетілдіру және материалдық-техникалық базаны заманауи электрондық құралдарымен қамтамасыз етуді нығайту

# БАЛАБАҚША ТҮЛЕГІНІҢ МОДЕЛІ





Үздіксіз білім беру



Мектеп

мектепке дайын

дербес бала

техникалық болжау

ізденімпаз, креативті

ағылшын тілін меңгерген

[illegible]

[illegible]

жақсы көңіл-күй және денсаулық

№8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы»